

БЕКІТЕМІН:

Астана қаласы әкімдігінің
«Мамандандырылған балалар үйі»
КММ-і директоры



С.К.Кенжебаева
2024 жыл

Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-нің
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы
ЕРЕЖЕСІ

Астана қ., 2024ж.

1. Жалпы ереже

1. Астана қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" КММ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі – "Ереже") Қазакстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадагы №410-V "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Занының 16 және 22-баптарына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ (бұдан әрі – «Балалар үйі») мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын енгізу және сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын үйымдастыру жөніндегі әдістемелік үсінімдерге сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің (бұдан әрі - "Қызмет") функцияларын айқындаиды.

2. Осы Ережеде мұнадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - балалар үйі мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету функциясы;
- 2) қызметкер – балалар үйімен тұрақты немесе уақытша енбек қатынастарында болатын және Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес енбек функцияларын орындайтын тұлға;
- 3) мұдделер қактығысы-балалар үйі қызметкерінің жеке мұдделері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мұдделер олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауына және (немесе) тиісінше орындауына әкеп согуы мүмкін;
- 4) сыйбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мұліктік (мұліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;
- 5) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 6) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

7) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында белгіленген және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл-сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде балалар үйінде Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызмет.

2. Комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері және қағидаттары

3. Қызмет жұмысының негізгі мақсаты балалар үйі мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактаудың қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

4. Қызметтің міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық практиканы ұстануды қамтамасыз ету;

2) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-заң) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сактауды қамтамасыз ету болып табылады;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

5. Қызмет келесі қағидаларды басшылыққа алады:

1) балалар үйі басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделелілігі;

2) қызметтің алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті екілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі болып табылады;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;

4) ызметтің ақпараттық ашықтығы;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3. Қызметтің жұмысын үйімдастыру

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы мәліметтер балалар үйінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және мекеменің барлық қызметкерлеріне жеткізіледі.

7. Қызмет Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінін Қамкоршылық кенесіне (бұдан әрі – «Қамкоршылық кенес») тікелей есеп береді.

8. Қызмет қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен өкілеттіктері осы Ережемен және балалар үйінің өзге де құжаттарымен айқындалады.

9. Қызмет функциялары:

1) балалар үйінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды өзірлеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты өзірлеу және өзектендіру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторин жүргізу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) Балалар үйінің және оның қызметкерлерінің Занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Қазақстан Республикасының заннамасын сақтауын кадағалау;

6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7) Балалар үйінің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасын, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін сақтауын бақылау;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларын өзірлеу және бекітуге ұсыну;

9) азаматтық және кәсіпкерлік институттардың өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізу;

11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы акпаратты көпшілікке жария етуді қамтамасыз ету;

12) сыбайлас жемқорлық және/немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шагымдар) бойынша қызметтік тексерулер жүргізу;

13) балалар үйінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін томендешу бойынша жұмысты үйлестіру;

14) балалар үйі қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сырткы талдау жүргізу кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

15) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;

16) келісімге қатысуышылдардың Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын, іскерлік этика мен адалдықты, балалар үйімен жасалған азаматтық-құқықтық шарттарда адал бәсекелестік қағидаттарын сактаудың қамтамасыз ету.

10. Қызметтің құқықтары мен міндеттері:

1) Балалар үйінің ішкі құжаттарымен реттелетін бекітілген рәсімдер шенберінде балалар үйінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінен, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мен материалдарды сұратуға және алуға;

2) Қамқоршылық кеңестің қарауына қызметтің құзыретіне кіретін мәселелерді енгізуге бастамашылық ету;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлық туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түсken хабарламаларға қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу;

5) қызмет құзыретіне, кіретін мәселелер бойынша кеңестер үйімдастыруға және өткізуғе;

6) Балалар үйінің және оның еншілес үйімдарының құпия және заңмен қоргалатын өзге де құпияларды сактауға, қызметтің функцияларын жүзеге асыру кезінде белгілі болған инсайдерлік және өзге де ақпаратты жария етпеуге;

7) қызметке сыйбайлас жемқорлықтың құдікті немесе нақты фактілері, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша басқа да ішкі актілер мен рәсімдерді бұзу фактілері бойынша жүгінген тұлғалардың құпиялышының қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы балалар үйінің Қамқоршылық кеңесіне жедел хабарлауға;

9) осы Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

11. Қызмет сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпараттандыру арнасын (сенім телефоны, жедел желі) үйімдастырады және жұмысын қамтамасыз етеді, ол арқылы жеке және занды тұлғалар балалар үйінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал

булұзы туралы ақпаратты хабарлай алады немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасай алады.

12. Қызмет қызметкерінің мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) (өткізілетін іс-шара шенберінде каржылық, мүліктік, туыстық немесе өзге де мүдделіліктін болуы) қатысуға құқығы жок.

13. Қызмет балалар үйінің қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына оқытуды жүйелі түрде ұйымдастырады.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін Қызмет жеке өзі айқындайды.

14. Жұмысқа қабылдау, басқа лауазымға тағайындау (аудису), сондай-ақ біліктілігін арттыру кезінде, бірақ жылына кемінде бір рет қызметкермен Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамасымен танысу мақсатында профилактикалық әнгімелесу жүргізіледі. , сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті калыптастыру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулермен танысу, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілік туралы ескерту.

15. Қызметтің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

16. Қызметке әдіstemелік және ақпараттық қолдау көрсетуді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

4. Қызметтің есеп беруі

17. Қызмет тоқсан сайын Қамқоршылық кеңеске, сондай-ақ балалар үйінің басшысына сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша есеп береді.

18. Жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей қызмет Балалар үйінің ресми интернет-ресурсында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы есепті орналастыруды қамтамасыз етеді.

19. Балалар үйінің тұрақты негізде, оның ішінде ресми интернет-ресурста жариялау арқылы өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар туралы хабардар етеді.